

## Жас Сарбаз

1. Бұл күнде жас ұлан қатарында жүрміз,  
Үміттерге толы арман.  
Туған ел, Отанды біз сүйеміз  
Өркендеуге жас ұлан

Жас ұлан, жас ұлан ердің ері  
Туған ел болашақ офицері  
Жайнар иықта, погон жарқырай  
Отанымның алақанындай.  
Жайнар иықта, погон жарқырай  
Отанымның алақанындай

2. Мы сегодня шагаем в кадетском строю,  
И мечты полны надежд.  
Мы всем сердцем любим Родину свою,  
И слово гордое кадет

Кадеты, кадеты, кадеты  
Мы в будущем Отчизны офицеры,  
И эти погоны на наших плечах  
Как две ладоны Родины лежат.  
И эти погоны на наших плечах,  
Как две ладоны Родины лежат.

3. Антымызды Отан алдында орындау,  
Ер болу біздерге міндет.  
Өр қашан дұшпаннан Отанды қорғау  
Жас ұланға өсиет

Жас ұлан, жас ұлан ердің ері  
Туған ел болашақ офицері  
Жайнар иықта, погон жарқырай  
Отанымның алақанындай.  
Жайнар иықта, погон жарқырай  
Отанымның алақанындай.

4. У военных судьба не проста и трудна  
Присяга – это долг и честь  
От врагов защищать Родину всегда  
Миссия твоя кадет

Кадеты, кадеты, кадеты  
Мы в будущем Отчизны офицеры  
И эти погоны на наших плечах  
Как две ладоны Родины лежат.  
И эти погоны на наших плечах  
Как две ладоны Родины лежат.

**Әскери -патриоттық «Жас сарбаз» сынып  
мүшелерінің салтанатты анты.**

*Мен, (аты-жөні) өз ерік-жігеріммен әскери- патриоттық  
«Жас сарбаз» үйірмесіне кіре отырып ант қабылдаймын.*

*Өзімнің жолдастарымның алдында мектептің сақталып  
келе жатқан дәстүрлеріне сай, Қазақстан халқына және оның  
заңды түрде сайланған Елбасына салтанатты түрде ант  
етемін.*

*Мектепте өтілетін барлық жұмыстарға белсене  
араласуға, үлкендерді сыйлауға, тәртіпті болуға, «Жас сарбаз»  
әскери-патриоттық сыныбының атына кір келтірмеуге ант  
беремін.*

*Өз Отанымның ержүрек , әрі батыл қорғаушысы болуға  
дайындалумен қатар, әрдайым ізденуге, еңбекте озат, сабақты  
«үздік» оқуға, Отанымның патриоты ретінде өзімді үлгі  
тұтуға ант етемін.*

*Егер мен өз қабылдаған антымды бұзсам, онда мен  
қатаң жазаға ұшырайтын болайын, әскери патриоттық «Жас  
сарбаз» сыныбының мүшелігінен шығуға дайынмын.*

**Әскери -патриоттық «Жас сарбаз» сынып  
мүшелерінің саптық әні**

**Мен қазақпын**

Қазақ болып тумағанда нетер ем?  
Бұл жалғаннан бақыт таппай өтер ем  
Желдей жүйрік жылқы мінбей жалғанда  
Аламанда ат оздырмай кетерем

Қазақ болып тумағанда нетер ем  
Өкінішпен өртенер ем өте мен  
Қасиетті домбыраны қолға алмай  
Қоңыр үнді әуелетпей кетер ем

Мен қазақпын  
Бойымдағы қан қазақ  
Мен қазақпын  
Мен шырқайтын ән қазақ  
Бір қазақтың  
Бақыты мен бағына  
Барша үнімен  
Қуанса екен бар қазақ

Мен қазақпын  
Түрім қазақ тіл қазақ  
Мен қазақпын  
Мен айтатын жыр қазақ  
Сүйеу болсын тіреу болсын  
Мың қазақ  
Сүрінгенде бүлінгенде бір қазақ

Қазақ болып тумағанда нетер ем?  
Қалай басқа байрақтарды көтерем  
Жеті бірдей қазынамнан айрылып  
Жеті атамды жаттай алмай кетер ем

Қазақ болып тумағанда нетер ем?  
Қонақ жайлық жайын білмей өтер ем  
Қымыз шұбат қазы-қарта құрт майсыз  
Қадір қашып қарным ашып өтер ем

Мен қазақпын  
Бойымдағы қан қазақ  
Мен қазақпын  
Мен шырқайтын ән қазақ  
Бір қазақтың  
Бақыты мен бағына  
Барша үнімен  
Қуанса екен бар қазақ

Мен қазақпын  
Түрім қазақ тіл қазақ  
Мен қазақпын  
Мен айтатын жыр қазақ  
Сүйеу болсын тіреу болсын  
Мың қазақ  
Сүрінгенде бүлінгенде бір қазақ  
Сүйеу болсын тіреу болсын  
Мың қазақ  
Сүрінгенде бүлінгенде бір қазақ  
Мен қазақпын  
Бойымдағы қан қазақ  
Мен қазақпын  
Мен шырқайтын ән қазақ  
Бір қазақтың  
Бақыты мен бағына  
Барша үнімен  
Қуанса екен бар қазақ